АЙМАҚТАР

■ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ

## Гранты против оттока

Отток выпускников Восточно-Казахстанской области в зарубежные вузы планируется сократить в два раза. Об этом заявила на пресс-конференции в региональной службе коммуникаций руководитель управления образования Сайрангуль Жумадилова.

Для решения этой задачи создан региональный проект «Білікті маман», направленный на повышение конкурентоспособности региональных вузов. С 2017 года в Восточном Казахстане выделяются образовательные гранты из местного бюджета в дополнение к республиканским образовательным грантам. Так, в 2017 году было выделено 200 образовательных грантов, в 2018 году – 446, в 2019 году – 400. Всего за счет средств местного бюджета обучаются 1046 студентов.

В результате отток выпускников в зарубежные вузы существенно сократился. В 2016 году из Восточного Казахстана уехали 1800 абитуриентов, в 2019 году – 535. В этом году планируется сократить отток выпускников в два раза.

– Мы тесно работаем с университетами, – отметила Сайрангуль Жумадилова. – Ежегодно они выпускают 600 человек. Как минимум 90 процентов выпускников должны быть трудоустроены по специальностям. Для этого мы выделяем госзаказ. Если нет трудоустройства студентов, то не будет и госзаказа. Гранты даются на востребованные специальности, но эти специальности выбирают сами дети. Допустим, если сто абитуриентов выбрали Восточно-Казахстанский госуниверситет им. С.Аманжолова, то мы даем грант данному университету. Вузы должны стараться привлечь школьных выпускников. Для этого они должны стать конкурентоспособными.

■ ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

## Күмбірле домбыра, мектепте...

Ш.Айманов атындағы жалпы орта білім беру мектеп-интернатында «Руханн жаңғыру» бағдарламасы аясында «Домбыра кабинеті» ашылды.

Кабинеттің ашылу салтанатына Баянауыл ауданы әкімінің орынбасары Анара Балтабекқызы Баденова, білім бөлімінің басшысы Асылхан Манарбекұлы Мүбәрак, ардагер ұстаздар мен мектеп мұғалімдері және баспасөз өкілдері қатысты.

Қазіргі уақытта мектептің 5-6 сынып оқушыларының 90 оқушысы домбырамен ойнау үйірмесіне қатысып, өнерін шыңдауда. Мектепте домбыра оркестріне арналып, 30 домбыра сатып алынды.

Қазақтың қара домбырасының құдіреті мен қасиетін жас ұрпақтың бойына сіңіру мақсатында ашылған домбыра кабинеті заманауи үлгіде көркі етіп жабдықталған әрі әдістемелік құралдарға бай. Бұл кабинетке Баянауылдың тумасы, жерлесіміз, музыкант, әнші, сазгер Жүнісбек Шаймерденовтің есімі берілді.

Іс-шара барысында мектеп мұғалімдері мен оқушылардың қатысуымен «Жастар би» атты халық күйі көпшіліктің назарына орындалып, көрермен көңілінен шықты.

«Біздің ортақ құндылығымыз – домбыра. Қазақ халқының өзіндік ерекшелігі мен мәдениетінің насихатталғаны баршамызға маңызды екенін, бұл жас ұрпақтың санасына сіңуі тиіс. Бұл кабинетте жас дарындарды қазақтың ән-күй өнеріне үйретіп, сахнада өнер көрсетуге шыңдауды ұстаздар қолға алды», – дейді мектеп-интернаттың директоры Салтанат Сейітжанқызы Досмағамбетова.

Домбыраның күмбірлеген дауысы әр оқушының қызығушылығы мен рухани рухын оятуда.

■ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

## Мұғалімдер әдістемелік күнге қатысты

Ақтау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде Маңғыстау облысындағы жалпы білім беру мектептерінің өнер, музыка, дене шынықтыру, алғашқы әскери дайындық пәндерінің мұғалімдеріне әдістемелік күн ұйымдастырылды.

Әдістемелік күнді өткізудегі басты мақсат – Зияткерлік мектеп ұстаздарының тәжірибесін жаңартылған білім бағдарламасы бойынша сабақ өткізіп жүрген өлке педагогтеріне тарату, туындаған мәселелері мен сұрақтары бойынша әдістемелік көмек беру. Білім ордасындағы тәжірибелік күнге 100 мұғалім қатысты.

– Бүгінгі таңда жаңартылған білім бағдарламасы бойынша музыка, өнер (сурет), дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық пәндерінен сабақ беретін мұғалімдерде қысқа мерзімді сабақ жоспарын құруда және қалыптастырушы бағалау бойынша мәселелер бар екенін байқап жүрміз. Сол себепті де осындай әдістемелік шараны өткізуді ұйғардық, – дейді Педагогикалық шеберлік орталығының менеджер-әдіскері Сәнбибі Көпбергенова.

Әдістемелік күн барысында Зияткерлік мектеп мұғалімдері пән бойынша сабақ өткізіп, бақылау жүргізген әріптестерінің туындаған сауалдарына жауап берді.

– Біздің байқағанымыз, әлі күнге дейін мұғалімдерде қысқа мерзімді жоспар жасауда қиындықтар туындайды екен. Сонымен қоса, гуманитария бағытындағы пән мұғалімдері қалыптастырушы бағалау жүргізуде қиналады екен, – деді өнер пәнінің мұғалімі Замира Ахметова.

Білім ордасының педагогтері әріптестерін басқа күндерде де сабақ бақылауға шақырды.

■ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

## Әріптесіміз – академик

Жуырда Елордадан Атырау облыстық кәсіподақ ұйымына жағымды хабар жетті. «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Атырау облыстық ұйымы» ҚБ төрағасы, тарих ғылымдарының кандидаты Қылышбай Сүндетұлы «ҚР Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясы» ҚБ Сайлау негізінде мүшелікке қабылданып, «академик» атанды.

Аталған ұйым тарапынан берілген күәлік пен төсбелгіні «Атырау облысы кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтарының бірлестіктің төрағасы, облыстық мәслихаттың депутаты І.Баймұханов қала орталығындағы №40 орта мектепте өткен облыс педагогтерінің бас қосқан үлкен жиынында табыс етті.

Қ.Сүндетұлы – аймақ ұстаздары мен қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының жетекшісі ретінде олардың әлеуметтік мәртебесін көтеруде, әлеуметтік әріптестікті дамытуда және білім саласы қызметкерлерін құқықтық тұрғыдан қорғаудың тиімділігін арттыруда белсенді еңбек етіп келеді. Сондай-ақ, ол қарымды қаламымен, жігерлі ойпікірімен жергілікті және республикалық БАҚ-да жиі мақалалар жариялап, үзбей сұхбат беруімен танымал.

Ол Республикалық салалық кәсіптер одағы «Ұстаздық еңбек» газетінің жетекшісі, 94 ғылыми-танымдық және БАҚ-да жарияланған 504 мақалалардың авторы, ҚР БжҒМ жанындағы РОӘК (Әл-Фараби, Абай ҰУ) грифін алған 3 оқулықтың, 8 әдістемелік-көмекші оқу құралдарының авторы. Сондай-ақ КСРО және Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.

■ АҚТАУ ҚАЛАСЫ

## Оқушылар денсаулығы – басты назарда

Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы жақында Ақтау қаласы, С.Қондыбайұлы атындағы №22 ОМ «Экологиялық проблемалардың жасөспірімдер дамуына әсері» тақырыбында облыстық семинар-кеңес өткізді.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының Қоғамдық денсаулық сақтау мемлекеттік қызмет көрсету және лицензиялау бөлімінің бас маманы А.Сырым, облыстық экология департаментінің бас маманы А.Ахметовалар өз баяндамаларында облыстың аймағындағы Шетпе карьерлерінен шығатын шаң, Қошқар ата қалдық көліндегі химиялық иіс, Мұнайлы ауданындағы радиоактивтік қалдықтардың ауаға таралуы, Бейнеу ауданы мен Ақшұқыр ауылдарындағы қалдықтарды қайта өңдеу мекемелерінің жұмыс істемеуі, Таушық ауылына тартылған су сапасының төмендігі, ауыл маңындағы жиналмаған қоқыс өртелгенде бөлінетін улы газдардың қауіптілігі, Сайын Шапағат елді-мекенінен 35 шақырым жерде орналасқан полигон орнының әсерлері туралы және профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексерістер жүргізу кезінде оларға экологиялық заң бұзушылықтар бойынша мекеме әкімшіліктеріне көлемді айыппұлдар салынғаны жөнінде мәліметтер келтірді.

Жиынға қатысушылар ерекше білім алуды қажет ететін балаларға берілетін білім мен емдеу қызметін жақсарту, жасөспірімдердің таза ауада демалуын ұйымдастыру, «Таза қала», «Таза ауыл» акцияларын дәстүрлі жүргізу, оқушыларға берілетін тамақ калориясы мен сапасын бақылау, экология департаменті, денсаулық басқармасы денсаулық мәселесі бойынша бірлескен әлеуметтік маңызы жоғары нақты шараларды жүзеге асыру, осы жұмыстарды ұйлестіретін «Экологиялық педиатрия» бөлімдерін ашу туралы ұсыныс білдірді.

**При подготовке полосы использованы материалы Эльмиры Мергенбайқызы Саликовой (Баянауыл ауданының Ш.Айманов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп-интернаты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары), Андрея Кратенко (Усть-Каменогорск), Рысгүл Рамазановой (Ақтаудағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің баспасөз хатшысы), Сандуғаш Қапсиховой (Атырау қаласы), А.Тұрақбаевой (Маңғыстау облыстық Балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығының бөлім жетекшісі).**

***Гүлнара ДАУЛЕНОВА, «Балдәурен» – Балқаш филиалындағы оқу кешенінің жетекшісі, Қарағанды облысы:***

*– Әйел – отбасының ұйытқысы болуымен қатар жалпы қоғамда да бейбітшілік пен тыныштықтың шырақшысы саналады. Жұдырықтай жүрегіне жылылық пен ұлылық ұялаған нәзік жандылар – өмірдің мәні және тіршіліктің сәні. Қазіргі тарихи кезеңде өмір сүріп, ұлттың, елдің, жердің болашағы үшін үлкен жауапкершілік міндетін арқалап, болашаққа ұлттық дәстүр мен сананы берік сақтайтын, саналы да парасатты болып өсуінің кілті ұстазда.*

*Мыңдаған мамандық иелері бар. Десек те, білім саласында қажырлы қызмет атқаратындардың дені қыз-келіншектер мен аяулы арулар. Ұстаз – шәкірттердің бойына білім нәрі мен тағылымды тәрбиені қатар сіңіре жүріп, қиындықтардан құтқаратын қорғаушы әрі ішкі сырын түсінетін жанашыры. Барша аналарды, еліміздің білім және ғылым саласындағы аруларды шуақты мерекемен құттықтап, баянды ғұмыр, қажымас қайрат, шығармашылық табыстар тілеймін!*

***Жұмағүл ТЛЕУҒАБЫЛОВА, №277 мектеп-лицей директоры, Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы:***

*– Мұғалім мамандығы – қазақ баласы үшін қашанда қасиетті, қадірлі болған. «Ұстаздан тәрбие алған» немесе «ұстаз алдын көрген» деген сөздер құлаққа «ана тәрбиесін алған» деген сөздермен ұштасып жатады. Білім саласындағы ұстаз аналардың сапалы білім мен саналы тәрбие берудегі өрен еңбектері ұшан теңіз. Сондықтан көктемнің алғашқы аптасындағы ерекше мерекенің ізгі лебіздері көбіне-көп ағартушылыққа сүбелі үлесін қосып жүрген аяулы жандарға арналады.*

*Ардақты аналар, ұлағатты ұстаздар баршаңызды арулар мерекесімен шын жүректе құттықтаймын! Керемет қуанышты сәттің барлық үміттеріміз бен армандарымызды тығыз байланыстыратын шуақты күндермен сәйкес келуі, жақсылықтың нышаны болса керек. Көктем мезгілі жаңуяларыңызға құт-береке, нәзік сезім, шуақты көңіл-күй, тәнделерінізге саулық, жандарыңызға рақат сыйласын. Мереке құтты болсын!*